

Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару үлгі құрылымын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 4 қазандағы N 1022 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 23 қазандағы N 1654 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.10.23 N 1654 Қаулысымен

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет кодексінің 58-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару үлгі құрылымы бекітілсін.

2. Облыстардың, Алматы, Астана қалаларының әкімдері:

1) жергілікті мемлекеттік басқару құрылымын осы қаулыға сәйкес келтірсін;

1-1) Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасын қоспағанда, осы қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқарудың үлгі құрылымында көзделген әкімшілік-аумақтық бірліктің әлеуметтік-экономикалық даму ерекшеліктерін ескере отырып, құрылымдық бөлімшелерді қосу, біріктіру, құқығын берсін;

1-2) осы қаулының 2-тармағының 1) тармақшасына сәйкес қайта ұйымдастыруды жүргізген сәттен бастап 10 жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігін және өзге де мүдделі орталық мемлекеттік органдарды хабардар етсін;

1-3) осы қаулымен бекітілген облыстардың, Астана және Алматы қалаларында атқарушы органдарының ішкі бақылау қызметін құруды штат саны лимиттерінің шегінде қамтамасыз етсін;

2) әкімдер аппараттарындағы салалық бөлімшелердің функцияларын жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын атқарушы органдарға бере отырып, оларды тартсын.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.11.28 N 1107 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

3. Орталық мемлекеттік органдар екі апта мерзімде облыстардың, Алматы және Астана қалаларының әкімдеріне Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігімен келісілген департаменттердің (басқармалардың, бөлімдердің) ұсынылып отырған құрылымын жіберсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енетін 3-тармақты қоспағанда 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 4 қазандағы
N 1022 қаулысымен

бекітілген

Ескерту. Құрылым жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.03.20 N 276 , өзгерту енгізілді - 2008.07.30 N 720 ; 2008.11.28 N 1107 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2008.12.20 N 1189 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.

Қазақстан Республикасының жергілікті
мемлекеттік басқару үлгі құрылымы

1. Облыстық әкімдік

1. Облыс әкімінің аппараты
2. Сәулет және қала құрылысы басқармасы
3. Ішкі саясат басқармасы
4. Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасы
5. *(алынып тасталды - 2008.11.28 N 1107 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен).*
6. Денсаулық сақтау басқармасы
7. Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы
8. Мәдениет басқармасы
9. Жұмылдыру дайындығы, азаматтық қорғаныс, авариялар мен дүлей зілзалалардың алдын алуды және жоюды ұйымдастыру басқармасы
10. Білім басқармасы
11. Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы
12. Кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы
13. Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы
14. Ауыл шаруашылығы басқармасы
15. Құрылыс басқармасы
16. *(алынып тасталды - 2008.11.28 N 1107 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен).*

16-1. Қаржы басқармасы

17. Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы
18. Энергетика және коммуналдық шаруашылық басқармасы
19. Мұрағаттар және құжаттама басқармасы
20. Жер қатынастары басқармасы
21. Тілдерді дамыту басқармасы
22. Туризм, дене шынықтыру және спорт басқармасы

2. Республикалық маңызы бар қаланың, астананың әкімдігі

1. Республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің аппараты
2. "Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аймағын әкімшілендіру басқармасы (Астана қаласы)
3. Сәулет және қала құрылысы басқармасы
4. Ішкі саясат басқармасы
5. Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасы
6. Жастар саясаты мәселелері басқармасы (Алматы қаласы)
7. Тұрғын үй басқармасы
8. Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы
9. Денсаулық сақтау басқармасы
10. Мәдениет басқармасы
11. Жұмылдыру дайындығы, азаматтық қорғаныс, авариялар мен дүлей зілзалалардың алдын алуды және жоюды ұйымдастыру басқармасы
12. Білім басқармасы
13. Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы
14. Кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы
15. Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу
16. Құрылыс басқармасы
17. *(алынып тасталды - 2008.11.28 N 1107 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен).*

17-1. Қаржы басқармасы

18. Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы
19. Энергетика және коммуналдық шаруашылық басқармасы
20. Мұрағаттар және құжаттама басқармасы
21. Жер қатынастары басқармасы
22. Тілдерді дамыту басқармасы
23. Ауыл шаруашылығы басқармасы

24. Туризм, дене шынықтыру және спорт басқармасы

3. Ауданның және облыстық маңызы бар қаланың әкімдігі

1. Аудан, облыстық маңызы бар қала әкімінің аппараты
2. Ішкі саясат бөлімі
3. Сәулет және қала құрылысы бөлімі
4. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі
5. Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі
6. Жер қатынастары бөлімі
7. Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі
8. Білім бөлімі
9. Кәсіпкерлік бөлімі
10. Ауыл шаруашылығы бөлімі
11. Құрылыс бөлімі
12. Дене шынықтыру және спорт бөлімі
13. *(алынып тасталды - 2008.11.28 N 1107 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен).*
- 13 - 1. Қаржы бөлімі
14. Экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі